



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 78 (8341) Дүйсенбі 10 тамыз 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ПЛЕНУМЫ

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС VI ПЛЕНУМЫ ӨТТІ.

ПЛЕНУМГЕ ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-НҰСҚАУ БӨЛІМІНІҢ ТӨРАҒАСЫ Н. СЕЙДУАЛИЕВ, ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТКЕР Б. СМАЙЛБАЕВ АУЫЛ ӘКІМДЕРІ, БАСТАУЫШ ОҚРУГТІК ҰЙЫМНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ ЖӘНЕ АУДАН АРДАГЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

ПЛЕНУМДА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ ҚАРАЛДЫ.

Алқалы жиынды аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Р. Шәметов ашып, жүргізіп отырды.

Облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің төрағасы Н. Сейдуалиев Байзақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасын сайлау туралы мәлімдеме жасады. Ол өз сөзінде Байзақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Р. Шәметовтің өтінішіне байланысты төраға міндетінен босату туралы өтініші қаралып, қанағаттандырылғандығын, аталмыш ұйымды бірнеше жыл басқарған оның ерен еңбегін айта келе, ардақты ағаға облыстық ардагерлер кеңесі атынан алғыс айтты. Ардагерлер кеңесінің жаңа төрағасы таныстырылды.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып, осы уақытқа дейін

аталмыш кеңес төраға орынбасары міндетін атқарып келген К. Бесбаев бірауыздан сайланды.

Өз кезегінде Кемал Беспаев көрсетілген сенім үшін алғысын білдірді.



Бұдан соң сөз алған Р. Шәметұлы өз ойын былайша өрбітті.

-Ауданда 7109 зейнеткер бар. Оның 9-ы соғыс ардагерлері, 65-і Байзақ ауданының Құрметті азаматтары. Бүгінде барлық ардагерлердің 40 пайызы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Аудандық ардагерлер кеңесін басқарғаным 13 жылдан

асыпты. Жасым тоқсанды алқымдады. Ел тыныштығын сақтау, бірлік пен татулықты нығайту, жастарға өнегелі тәрбие беру жолында аудан ардагерлерін игілікті істерге жұмылдырып, біраз тірліктерді

аудан әкімінің Құрмет грамотасын табыс етті.

Пленум мүшелері М.Байбеков, Ә. Сәдуақасов С.Ермеков, С.Рысбаев, облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің төрағасы Н.Сейдуалиевтің ұсынысы бойынша, көп жылғы ерен еңбегі, тәжірибесі және аудандық ардагерлер кеңесінің жұмысын жоғары көтере білген Р.Шәметұлына аудандық ардагерлер кеңесінің «Құрметті төрағасы» деген атақ беруді ұйғарды.

Осымен Пленум өз жұмысын аяқтады.

Пленум жұмысынан кейін ардагерлер ұйымдарында жақында басталатын есеп беру-сайлау жиналыстарын өткізуге байланысты семинар болып өтті. Онда аудан аумағындағы цехтық және бастауыш округтік ұйымдарында өтетін есеп беру-сайлау жиналыстарының өткізілу тәртібі мен жоғары дәрежеде өткеру жайы сөз болды.

Дәл осы күні «Бағлан» мейрамханасында ардагерлер бас қосып, аудандық ардагерлер кеңесі алдында тұрған міндеттер туралы өзара пікір алмасты.

Өз тілшіміз.

КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯ

Мәселелердің заңдылығы пысықталды

Дүйсенбі күнге белгіленген бесінші сайланған аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXXI сессиясының жұмысына негізінен сайланған төраға, депутат Ш.Әшімнің іс сапарда болуына байланысты) Ережеге сәйкес, мәслихат хатшысы Н.Үкібаев төрағалық етіп, жүргізіп отырды.

Сессия күн тәртібі мен регламенті бекітілісімен «Байзақ ауданы бойынша сауда саттыққа ұсынылатын жер учаскелерінің тізбесін белгілеу туралы» тақырыптағы бірінші мәселе бойынша аудан әкімдігі жер қатынастары бөлімінің басшысы Ж.Қырғызбаев хабарлама жасады. Оның берген мәліметінше, аудан аумағы бойынша пайдалануға берілмеген, сауда-саттыққа ұсынылып отырған, кәсіпкерлік және құрылыс салу мақсатындағы жалпы саны 15 жер учаскесі аукцион арқылы сатылуға шығарылатын болады. (Ескерте кететін жәйт, аукцион өткізілетін уақытымен жер учаскелерінің орналасқан орындары және көлемі туралы аудандық басылым арқылы қосымша хабарландыру берілетін болады). Кейбір туындаған



сұрақтар бойынша баяндамашыдан қосымша жауаптар алынған соң, аталмыш мәселе бойынша шешім жобасы негізінен қабылданып, мәслихат депутаттары күн тәртібіне шығарылған келесі «Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы» Байзақ аудандық

Бұл мәселеге қатысты аудандық мәслихат аппаратының басшысы И.Сәлімбаев сессия қатысушыларына түсінік берді. Атап айтқанда, мазмұны және бүкіл мәтіні бойынша «ставкалары» сөзі – «мөлшерлемелері» деген сөзбен ауыстыру ұсынылды.

Мәслихат күн тәртібіне шығарылған мәселелер алдын ала тұрақты комиссия отырысы барысында жан-жақты талқыға түскендіктен сұрақтар туындай қойған жоқ. Олар бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Сессия төрағасы Нұрғали Көбейұлы халық қалаулыларын алдағы аудандық мәслихаттың кезекті XXXXII сессиясының күн тәртібі мен таныстырып, сессия жұмысын аяқтады.



мәслихатының 20.12.2011 жылғы №47-11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» мәселені талқылауға кірісті.

Мәслихаттың кезектен тыс XXXXI сессиясының жұмысына аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы Шүкеев қатысып отырды.

Өз тілшіміз.

ПАРТИЯ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

ЕЛІМІЗДІҢ БАС ПАРТИЯСЫ – «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ САЯСИ КЕҢЕС БЮРОСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ПАРТИЯ МҮШЕСІНІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ ЖОБАСЫ БҮГІНГІ ТАҢДА БАРЛЫҚ БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНДА КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНУДА. АТАЛМЫШ ЖОБАНЫ ТАЛҚЫЛАУ ЖИЫНЫ ЖУЫҚТА «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНА ҚАРАСТЫ «ЖАРЫҚ ТАРАТУ» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН БОЛАТЫН.

Жоғары атап өткендей, жиынның күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңес Бюросының қаулысымен бекітілген партия мүшесінің Ар-намыс кодексін жобасын талқылау мәселесі қаралды.

Алдымен 182 мүшесі бар «Жарық тарату» бастауыш партия ұйымының төрайымы Шолпан Байтақова сөз алып, бүгінгі жиынның маңыздылығына тоқталып, оның қатысушыларына кодекс жобасын таныстырып өтті. Ұйым төрайымы Ар-намыс кодексін партияның Жарғысы мен Доктринасына негізделген және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу қағидаттарында партия мүшелері жүріп-тұруының негізгі ережелерін белгілейтінін атап өтіп,

кодекс жобасында көрсетілген партия мүшелеріне қойылатын он алты талаптың маңыздылығына кеңінен тоқталды. Соның ішінде, төртінші талап: «партия мүшелерін өз елінің патриоты болуға, оның мүдделетіне жан-жақты қорғауға, Қазақстан Республикасының символдарын құрметтеуге...» бағытталғанын және оның талап: «Партияның символдарына, партиялық билетке құрметпен қарауға, оларға құрметтік және ұқыпты қатынасты талап етуге...» арналғанына баса көңіл аударды.

Өз кезегінде күн тәртібіндегі мәселеге орай, жарысөзге шыққан партия мүшелері Р.Мырзахметова, Г.Сармашевалар «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңес Бюросының қаулысымен бекітілген партия мүшесінің Ар-намыс кодексін жобасына қатысты өз ой-пікірлерін жеткізіп, дер кезінде қабылданған құжаттың партия мүшелерінің жауапкершіліктерін арттыратынына сенімдерін білдірді.

Бастауыш партия ұйымы жалпы жиналысының талқысына ұсынылған Ар-намыс кодексін жобасы партия мүшелері тарапынан бірауыздан қолдау тауып, шешім қабылданды.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының Саяси кеңес мүшесі С.Қалмұратов жиынды қорытындылап, «Нұр Отан» партиясы халықтың сеніміне сүйене отырып, мемлекет пен оның азаматтарының мүддесіне әрекет ететініне жиын қатысушыларының назарын аударды.

БІРЛЕСКЕН ЕҢБЕК НӘТИЖЕЛІ БОЛМАҚ

аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы ШҮКЕЕВТІҢ аудандық мәслихат депутаттары алдындағы есебіне ТЕЗИСТЕР

•АУДАН БЮДЖЕТІ

2015 жылғы қаңтар-маусым айларындағы аудан бюджетінің орындалуы кірістер бойынша жоспарда 4158823,1 мың теңге болса, 4204478,4 мың теңге сомасында, яғни 101,1%-ға қамтамасыз етілді. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда (3760785 мың теңге) нақты кіріс көлемі 443693,4 мың теңгеге немесе 11,8 %-ға артқан.


Аудан бюджетінің шығындары бойынша жоспарда 4191748,1 мың теңге болса, 4106853,7 мың теңге немесе 98,0 пайыз қаржысы игерілді, 84894,4 мың теңге сомасындағы бюджеттік қаражаттар игерілмей тұр. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда (3791003 мың теңге) нақты шығыс көлемі 315850 мың теңгеге немесе 8,3 %-ға артқан.

Жергілікті бюджет қаражаттары есебінен жоспарда 3173176,1 мың теңге болса, игерілгені 3170681,4 мың теңгені немесе 99,9%-ды құрады, игерілмегені – 2494,7 мың теңге.

Жоғары тұрған бюджеттер есебінен берілетін трансферттер бойынша жоспарда 1018572 мың теңге болса, игерілгені 936172,3 мың теңгені немесе 88,4%-ды құрады.

•САЛЫҚТАР

2015 жылдың қаңтар-маусым айларындағы Байзақ ауданы бойынша бекітілген мемлекеттік бюджеттің болжам сомасы 981,3 млн.теңге болса, нақты түскені 1009,9 млн.теңге, орындалу



102,9 %-ды құрап, 28,6 млн. теңгеге артық түсім жасалынған. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда (940,4 млн. теңге) нақты түсім көлемі 69,5 млн. теңгеге немесе 7,4 %-ға артқан.

Оның ішінде: Республикалық бюджет бойынша болжам сома 154,8 млн.теңге болса, нақты түскені 161,2 млн.теңге немесе орындалу 104,1 пайызды құрап 6,4 млн.теңгеге түсім артқан. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда (218,3 млн. теңге) нақты түсім көлемі 57,1 млн. теңгеге немесе 26 %-ға кеміген.

Облыстық бюджет бойынша 2015 жылдың қаңтар-маусым айларындағы болжам сома 267,4 млн. теңге болса, нақты түскені 254,3 млн.теңге,



орындалуы 95,1 пайыз немесе 13,1 млн. теңгеге кеміген. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда (243,6 млн. теңге) нақты түсім көлемі 10,7 млн. теңгеге немесе 4,4 %-ға артқан.

Аудандық бюджет бойынша 2015 жылдың қаңтар-маусым айларындағы болжам сома 559,0 млн. теңге болса, нақты түскені 594,3 млн.теңге, орындалуы 106,3 % немесе 35,3 млн. теңгеге түсім артқан. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда (478,4

млн. теңге) нақты түсім көлемі 116,0 млн. теңгеге немесе 24,2 %-ға артқан.

•ӨНЕРКӘСІП

Ауданның өнеркәсіп кәсіпорындарымен қаңтар-маусым айларында 1268,6 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 100,1% құрады.



•АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауданымыздың ауылшаруашылығы секторына тоқталсақ, аудандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2015 жылдың қаңтар-маусым айларындағы 4 млрд. 634 млн. теңгені, немесе 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 103,6 % құрағанын айтуға болады.

Шаруашылықтың барлық санаттарында 4908,0 тонна ет өндірілді, бұл 2014 жылдың тиісті кезеңіне 101,2 %-ды құрайды, ал сүт – 14,2 мың тонна – 100,7%, жұмыртқа – 26,7 млн. дана немесе 129,2%.

2015 жылдың 1 шілдесіне:

Мүйізді ірі қара саны 36204 басты құрап, 0,3 пайызға; қой 250,4 мың басты құрап, 0,6 пайызға; жылқы саны 10,4 мың басты құрап, 1,1 пайызға; түйе саны 850 басты құрап, 0,8 пайызға; ал құс саны 263,1 мың басты құрап, 1,7 пайызға артқан.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша ауданда 1-ші жарты жылдықта 2 шаруа қожалық «Береке» ш/к) 9,7 млн. теңгеге 60 бас МІҚ және 2 бас асыл тұқымды бұқа, ЖК «Сегізбаев» 9,0 млн. теңге несиесі алып, 53 бас МІҚ мен 3 бас асыл тұқымды бұқа сатып алды. Ауданда «Сыбаға» бағдарламасы бойынша мал басын алу жоспары 540 бас болса, алынғаны 113 бас (18,7 млн. теңге) немесе орындалуы 22 %.

«Құлан» бағдарламасы бойынша ауданда 16 шаруа қожалық жалпы сомасы 78,4 млн. теңге несиесі алуға құжаттарын өткізді.

Бүгінгі күнге: «Дәурен» шаруа қожалығы 4,750 млн. теңге несиесі алып 16 бас; жеке кәсіпкер «Сегізбаев» 4,8 млн. теңге несиесі алып 16 бас, «Кемпіректер» шаруа қожалығы 12,750 млн. теңге несиесі алып 44 бас; «Бота» шаруа қожалығы 8,3 млн. теңге несиесі алып 29 бас жылқы малын сатып алды.

«Құлан» бағдарламасы бойынша ауданда барлығы 30,6 млн. теңге несиесіне 105 бас жылқы малы сатып алынды. Жоспар 200 бас, алынғаны 105 бас немесе 52,5 %.

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша 15 шаруа қожалық жалпы сомасы 97,042 млн. теңге несиесі алуға құжаттарын өткізді.

Бүгінгі күнге: «Нұрдаулет» шаруа қожалығы 3,552 млн. теңгеге 133 бас; «Тазабек Досжан» шаруа қожалығы 25,960 млн. теңгеге 983 бас; «Қанағат»

шаруа қожалығы 2,930 млн. теңгеге 110 бас; «Төлепберген ата» шаруа қожалығы 12,5 млн. теңгеге 500 бас; «Аширов Б.» шаруа қожалығы 6 млн. теңгеге 226 бас; жеке кәсіпкер «Сегізбаев» шаруа қожалығы 5,0 млн. теңгеге 215 бас; «Жан» шаруа қожалығы 2,590 млн. теңгеге 95 бас; «Алипбай» шаруа қожалығы 1,6 млн. теңгеге 66 бас; «Еламан» шаруа қожалығы 2,820 млн. теңгеге 102 бас уақ малын сатып алып отыр.

Барлығы аудан бойынша 62,892 млн. теңгеге 2430 бас уақ малы сатып алынды. Жоспар 2 000 бас болса алынғаны 2 430 бас немесе орындалуы 121,5%.


«Ырыс» бағдарламасы бойынша Түймекент ауылдық округінен 1 шаруа қожалық (Ақжар ш/к) жалпы сомасы 40,0 млн. теңге несиесі алуға құжаттарын дайындап өткізді.

2015 жылдың 6 айында аудан бойынша сатып алынған асыл тұқымды 204 бас отандық МІҚ малына 31,416 млн. теңге, 150 бас қой малының 10 асыл тұқымды қосқарына 80 мың теңге және бордақылау алаңдарына өткізілген 177 бас бұқашыққа 4,248 млн. теңге субсидия төленді.

Өндірілген мал өнімдері үшін «Ағали» шаруа қожалығы өткізілген 261 тонна сүтке 2,610 млн. теңге, «Жамбыл құс» ЖШС-і 18,0 млн. дана тауарлы жұмыртқаға 30,0 млн. теңге субсидия алды.

Егін шаруашылығын субсидиялау үшін жалпы 216,27 млн.теңге қаралған болса, алғашқы жарты жылдыққа игерілген сома 52, 213 млн. теңгені құрап отыр.

4218,1 тонна әртүрлі минералды тыңайтқыштарға өтінімдер қабылданды.



Бүгінгі күнге «КазАзот» АҚ-мен 57 шаруашылық 1538,7 тоннаға келісім-шарт жасасып, 44 шаруашылық 1130,6 тонна аммиакты селитра, сонымен қатар «КазФосфат» АҚ-мен 41 шаруашылық 909,7 тоннаға келісім-шарт жасасып, 31 шаруашылық 834,5 тонна аммофос алынды. Берілген сұраныстың орындалуы 47,1 %.

Байзақ ауданында тамшылатып суғару технологиясы 2012 жылы 95 гектарға, 2013 жылы 193 гектарға, 2014 жылы 400 гектарға енгізілген. Ал 2015 жылы 702,5 гектар алқапқа енгізіп, барлығы 338,04 млн. теңге көлемінде шаруашылықтардан инвестиция тартылды.

2015 жылдың 27 шілдесіне орылуға тиіс 12300 гектар алқап түгелімен орылып, әр гектардан орташа түсім 14,5 центнерден айналып, жалпы 17835 тонна өнім жиналды, оның ішінде күздік бидай 9300 тонна, жаздық арпа 8535 тоннадан айналды.

•ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

Аудан аумағында шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған біршама жұмыстар атқарылды. 2015 жылдың қаңтар-маусым айларында ауданда шағын және орта кәсіпкерлік мәртебесімен 4 805 субъекті тіркелген, олардың 4 489-ы немесе 93,4 пайызы жұмыс істейді.

Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің шағын кәсіпкерлік занды тұлға ретінде тіркелгені 233,



оның жұмыс істейтіні 97 (оның ішінде белсендісі 47 немесе 48,4 пайызы).

Аудан бойынша шағын және орта кәсіпкерлік нысандарында 7828 адам жұмыспен қамтылған, ол 2014 жылмен салыстырғанда 10,0 пайызға өсіп отыр.

2015 жылдың қаңтар-маусым айларында бөлшек сауда айналымының көлемі 716,8 млн. теңгені құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 148,4%-ға ұлғайып отыр.

(Облыс бойынша 107,0%).

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 2015 жылдың қаңтар-маусым айларында 5828,7 млн. теңгені құрады немесе 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 92,0 пайызды құрап отыр.

•ҚҰРЫЛЫС

2015 жылдың қаңтар-маусым айларында құрылыс жұмыстарының көлемі, қосымша бағалау есебімен, 1691,5 млн. теңгені, немесе 2014 жылдың тиісті кезеңінен 32,3 пайызды құраған.

Осы соңғы екі көрсеткіштің төмен болу себебі, «Батыс Қытай - Батыс Еуропа» дәлізі бойынша негізгі жұмыстардың аяқталуына байланысты құрылыс көлемінің азаюы және өткен жылы құрылыс жүргізілген «Азиялық газ құбыры» құрылысының аяқталуы салдарынан болып отыр.

Ауданда 2015 жылдың қаңтар-маусым айларында пайдалануға енгізілген тұрғын үйлердің жалпы көлемі 7868 шаршы метрді құрайған, яғни 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 102,4 пайызды құрап отыр.

(Жалғасы 3-бетте).

БІРЛЕСКЕН ЕҢБЕК НӘТИЖЕЛІ БОЛМАҚ

аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы ШҮКЕЕВТІҢ аудандық мәслихат депутаттары алдындағы есебіне ТЕЗИСТЕР

•АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

Байзақ ауданы бойынша Республикалық маңызы бар автомобиль жолдары 43 шақырым, облыстық маңызы бары 158,47 шақырым, аудандық маңызы бары 97,7 шақырым.

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 57,9 ш.к. қанағаттанарлық жағдайда. (59,2 %).

2015 жылға жергілікті маңызы бар

Себебі, тұрғындар дәрігерлік көмекке кеш жүгінгендіктен, өлімнің алдын алу мүмкін болмаған.

•БІЛІМ БЕРУ

Мектепке дейінгі тәрбие

Ауданда 28 балабақшада 3155 бала, 8 шағын орталықта 377 бала, жалпы 3 532 бала тәрбиеленіп, мектепке дейінгі тәрбиемен 1-6 жас аралығындағыларды қамту үлесі – 60,3%-ды (облыста – 50,7%), 3-6 жас аралығындағыларды қамту үлесі – 87,4%-ды құрап отыр (облыста – 70,7%).

Орта білім

2015 жылы 11 сыныпты бітіретін 663 баланың 430-і (64,9%) ұлттық бірінші тестін (бұдан әрі – ҰБТ) тапсырды.

ҰБТ-дағы орташа балл 85,85 % құрады, бұл облыстық көрсеткіштен 7,25 % жоғары.

Облыстық көрсеткіш

– 78,6%

Аудан бойынша 100-ден жоғары балл жинаған оқушылар саны – 95.

«Алтын белгіге» ұсынылғаны-12 үміткер, дәлелдегені – 11.

«Үздік аттестат» белгісіне ұсынылғаны 4 үміткер, дәлелдегені 4 оқушы.

Оқушыларды тасымалдау

Бүгінгі күнде ауданның орта мектептері жоқ 17 елдімекеннен 12 орта мектепке 626 бала тасымалданып оқытылады.

Қосымша білім беру

Аудан бойынша 5 мектептен тыс мекемелерде 1533 оқушы немесе мектеп жасындағы оқушылардың 9,2%-ы қосымша білім берумен қамтылған.

•СПОРТ

Спорт саласында 1 стадион, 54 футбол, 66 спорт алаңдары, 30 спорт залдары жұмыс істеп тұр.

Ауданда күнделікті спортпен шұғылданушылар саны 23 514 адам, бұл аудан халқының 24,2 %-ын құрайды

•МӘДЕНИЕТ

Мәдениет ошақтарында есепті 2015 жылдың 1-ші жартыжылдығында аудандық мәдениет үйі мен 20 ауылдық клубтарда 220 көпшілік іс-шаралар өткізіліп, оған 53 000 адам қатысты. Клубтық құрылым саны 75 болса, оған қатысушылар саны 646 адамды құрады.

Орталықтандырылған кітапхана жүйесі бойынша аудандық көпшілік кітапхана, аудандық балалар кітапханасы мен 23 ауылдық кітапханалардың кітап қоры 237403 кітап болса, оның ішінде мемлекеттік тілде 957040 кітап, оқырмандар саны 9911, кітап берілімі 135453 кітап болса, өткізілген көпшілік іс-шаралар саны 493 құрады.

•ІШКІ САЯСАТ

Байзақ ауданы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауын аудан тұрғындарына түсіндіру мақсатында облыстық және аудандық ақпараттық топтармен бекітілген кестеге сәйкес елді мекендерде 57 түрлі іс-шаралар өткізіліп, барлығы 3950 адам қамтылды.

Елбасының «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары бойынша 37 іс-шара жүргізіліп, 2120 адам қатыстырылды. Жоспарланған іс-шаралар жалғасын табуда.

Аудандағы жастармен жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін аудан әкімдігінің «Жастар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қаржыландыру жылдан жылға артып келеді. Атап айтқанда, 2013 жылы- 13900,0 мың теңге; 2014 жылы- 17530,0 мың теңге; 2015 жылы- 21873,0 мың теңге бөлініп отыр.

Бүгінгі күнге ауданда 14-29 жас аралығындағы жастар саны 28 645-

ті, яғни жалпы халық санының 29,8 пайызын құрауда. Олармен 2015 жылдың жарты жылдығында 49 түрлі іс-шаралар өткізіліп, оған 8750 жастар тартылды.

Аудан бойынша 25 діни бірлестіктер жұмыс істейді. Тіркелген 25 мешіт құжаттары заң талаптарына сай облыстық Әділет басқармасы арқылы рәсімделген. Мешіт имамдары бекітілген ереже-

талаптарына сай тұрғындарға қызмет етуде. Мешіттердің 25-і ислам бағытында жұмыс істейді.

2015 жылдың 7 айында аудандық ақпараттық-насихаттық топ мүшелері елді мекендерде 57 кездесу, 11 дөңгелек үстел, 8 семинар-кеңес өткізіп, оған 2685 адам қатысты.

Ауданда бүгінгі күні 4 – Үкіметтік емес ұйымдар, 1 – саяси партия,

Ардагерлер кеңесі, “Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы» - «Сельская новь» газетінің редакциясы” ЖШС-і жұмыс істейді.

Ауданымыз тұрғындары биылғы айтулы мерекелерге белсенді түрде қатысып келеді. Соның бірі «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы» мерекесі өз дәрежесінде аталып өтілді.

Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы мерекесіне және Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы мерекесіне орай аудандық іс-шаралар жоспарға сай атқарылуда.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы мерекесі қарсаңында аудандық музейде арнайы бұрыш ашылды, аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының ғимаратында этномәдени орталықтар арнайы бөлмемен қамтамасыз етілді.

Аудандағы этномәдени орталықтарға аудандық бюджет есебінен 2 млн. теңге көлемінде ұлттық киімдер сатып алынды.

Аудан бойынша «Достық пен келісімнің жол картасы» мегажобасы бойынша 18 ауылдық округтердің 23 елді мекенінде іс-шаралар ұйымдастырылды.

•СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Алдымызда сыбайлас жемқорлықпен күреске жалпы халықтық сипат беру стратегиясын қамтамасыз ету бағытында 2015 жылы Байзақ ауданы әкімдігімен біршама істер атқарылды.

Атап айтқанда, аудан тұрғындарының құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында аудандық «Ауыл жаңалығы» - «Сельская новь» газетінде ай сайын жүйелі түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбындағы «Жемқорлық-қоғам дерті», «Жемқорлық-індет, жою-міндет» атты тұрақты айдарлар ашылып, 11 мақала жарияланды.

Қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің сыбайлас жемқорлықпен күрес процесіне кеңінен қатыстыруға қол жеткізілді. Оның көрініс табуы аудандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комиссияның құрамына Түрік ұлттық мәдени орталығының жетекшісі Раджамов Мехия Мұсаұлы және «Айтқұл Ардагер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Айтқұл Мамытқұлұлының комиссия мүшелігіне енгізілуі.

Халыққа құқықтық ақпараттың барынша қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімінің ресми веб-сайты (Baizak.Zhambyl.kz) ашылып, халықтық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша пікірлерін білу үшін арналған блок ашылып

қажетті мағлұматтармен толықтырылып отыруда.

2015 жылдың 1-ші жарты жылдығында аудан әкімінің аппаратына жеке және заңды тұлғалардан барлығы – 527 (2014 ж. - 343) өтініш-арыздар келіп түсті, бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 184 арызға артық. Оның ішінде, Жамбыл облысы әкімі аппаратынан аудан

әкімдігіне жолданғаны – 141 (2014 ж. - 66).

Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініш арыздардың 19-ы қанағаттандырылып, 135-не түсінік берілген, 2-і тоқтатылған, 366-сы қарау үшін бағынышты органдарға және 5 арыз-шағым аумақтық тиістілігіне және тергелу ретіне қарай басқа мемлекеттік органдарға жолданды.

Барлық келіп түскен хаттардың 514-і өтініштер, 13-і шағымдар түрінде. Талдау көрсеткендей, аудан тұрғындарын негізінен толғандырып отырған мәселелер - халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайы,

оның ішінде, жер мәселесі бойынша - 233 (2014 жылы осы уақытта - 130), еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз етудің жалпы мәселелері – 19 (2014 жылы - 29), ауылшаруашылық құрылымдарынан – 39 (2014 жылы - 55), коммуналдық қызмет көрсету саласы бойынша – 59 (2014 жылы - 25).

Іс-шаралар тиістілігінше жүргізілгенімен 2015 жылы 2 мемлекеттік қызметші заң бйлместіктен сыбайлас жемқорлық көрінісі бар құқық бұзушылық жасады. Өткен жылы 5 мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлық көрінісі бар құқық бұзушылықтар бойынша жауапқа тартылған еді.

•ҚЫЛЫСПЕН КҮРЕСУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ

2015 жылдың қаңтар-маусым айларында 330 жалпы қылмыстар саны тіркелген. 2014 жылы 235 қылмыс, ашылу деңгейі 2014 жылдың есептік кезеңінде 20,5% болса, 2015 жылы 49,8% құрады, ашылу деңгейі 29,3 %-ға артты.

Ауыр қылмыстардың саны 2015 жылы - 31, (2014 жылы 21) – 47,6% артқан, ал ашылуы 76,0%, (2014-72,7%) жетті.

Ауыр және аса ауыр қылмыс бойынша 23-тен 33-ке немесе 43,5% көтерілген, ашылуы 76,9% (2014-76,0 %) құраған.

Сонымен қатар, бөтеннің мүлкін ұрлау қылмысы (159-дан 311-ге) 95,5%, артқан, ал ашылуы 33,8%, (2014-16,6%) жетті.

Жол көлік оқиғасы бойынша 2015 жылдың 6 ай ішінде барлығы 36 (2014 - 36) жол көлік оқиғалары орын алып, 11 (2014 -10) адам қаза тауып (басым бөлігі республикалық маңызды жолдағы оқиға), 62 (2014 - 51) адам дене жарақаттарын алған.



автожолдар мен көшелерді жөндеуге 251,7 млн. теңге қарастырылды. (ОБ – 206,7 млн. тг., ЖБ – 45 млн. тг.). Қазіргі таңда бұл қаржының игерілгені: ОБ – 108,7 млн. теңге немесе 53 %, ЖБ – 15,7 млн. теңгесі немесе 37 %.

•ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

2015 жылдың 1-ші қаңтарына есепте тұрған жұмыссыздар саны – 119 адамды құрады. Жыл басынан жұмыс іздеуші ретінде уәкілетті органға – 695 адам тіркелді. Оның ішінде 12 адам «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының бірінші және екінші бағыттарына қатысушылар ретінде тіркелініп, тіркөзде қалған 683 адамның 542-і жұмыспен қамтылып, жұмыспен қамту үлесі 77,9 %-ды құрады.

Жәрдемақы:

2015 жылдың 6 айында 5,5 млн. теңге - атаулы әлеуметтік көмекке, 57,3 млн. теңге - 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақысы тағайындалып төленді.

•ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

2015 жылдың қаңтар-маусым айларында, жіті ішек инфекциясы 1 жағдайға төмендеген, түскесел ауруы өткен жылмен салыстырғанда бір деңгейде, ал вирусты гепатит тіркелмеген.



Байзақ ауданында 2014 жылдың 6 айында 11 сәби 1 жасқа дейін шетінеген, сәбилер өлімінің көрсеткіші 8,9 промилль (1000 туылғанға шаққанда). 2015 жылдың 6 айында бала өлім саны 14 болып, 3 сәбиге артқан, өлімінің көрсеткіші 13,3 промилль (1000 туылғанға шаққанда).

Сәбилер өлімінің өсу себебі Облыстық Перинатальдық Орталықта 9 сәби шала туылып, 2-3 күннің ішінде шетінеген. 2 бала бақытсыз жағдайлардан қайтыс болды. 1 бала аудандық ауруханада іштен туылған ақаулардан Астана қаласында ота жасалғанына қарамастан қайтыс болды, 2 бала қалалық ауруханаларда іштен туылған аурулардан қайтыс болған.

Ана мен сәбилер өлімін төмендету мақсатында дәрігерлік амбулаториялар, емханалар мен аурухана қызметкерлеріне тиісті мамандармен семинар сабақтар ұйымдастырылып, аттестациялар өткізілді. Сонымен қатар, ауданда қан айналымы жүйесі ауруларынан өлім саны өскен. 2014 жылы -53,4, ал 2015 жылы -80,4 (100 000 тұрғынға шаққанда).

Аудандық ауруханада 2014 жылғы 6 айда - 2 адам, ал 2015 жылғы 6 айда - 4 адам қан айналымы жүйесі ауруларынан көз жұмған.

